

Балқаштық майдангерлер: Тезекбаев Есенкұл

Тезекбаев Есенкұл – 1916 жылы Қоржынтүбек ауылында дүниеге келеді. 3 сыныптық білім алғаннан кейін жасөспірім шағында балықшы болып жұмыс жасады. Еңбекпен ерте есейген ол кейіннен геолог, мыс қорыту заводында жұмысшы болып істеп, сол жерден әскер қатарына кетеді. 1941 жылы 22 тамызда Балқаш қалалық әскери комиссариатынан әскерге шақырылып, Қызыл тулы Шығыс-Сібір қалалық дивизиясының құрамындағы 26-гвардиялық атқыштар дивизиясы, 75-гвардиялық атқыштар полкінің құрамына қабылданады. Соғысты станокті пулеметші болып бастаған ол кейіннен санитарлық нұсқаушы болып ауысады. «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалінің марапат қағазында жауып тұрған оқтың астынан 9 ауыр жаралы жауынгерді қалай алып шыққаны айтылады. Ал 1944 жылдың 31-қазанында берілген III дәрежелі «Даңк» орденінің марапат қағазында Есенкұлдың Подворишки және Клайпуша ауылдарының маңындағы Шталлупенск бағытындағы ұрыста бір өзінің борап тұрған оқ астынан 28 жауынгер мен 5 офицерді ерлікпен алып шыққандығы үшін берілгені жазылған.

1945 жылы 10-сәуірде Кенигсберг бекінісі үшін шайқаста мойнынан жарақат алады. Осы шайқастағы ерлігі үшін «Кенигсбергті алғаны үшін» медалімен марапатталады.

Аға сержант Е. Тезекбаев 1945 жылы 25-мамырда әскер қатарынан босатылады. Бейбіт өмірді геолог болудан бастайды. Ол 1973 жылы 13-ақпанда бар-жоғы 57 жасында кезекшілік қызметі үстінде жүрек талмасынан қайтыс болады.



Е. Тезекбаев



Награды героя



[Орден Славы III степени](#)

30.11.1944

